

Дуйсенова Маржан Молдакасымовнаның «Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып материалдары бойынша)» тақырыбындағы «6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына

## ШКІР

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазақстан Республикасының қазіргі күннен күнге өрістеп, қарқындап дамып келе жатқан әлемдік интеграциялық жүйеге ене бастауы еліміздегі білім беру саласының барлық деңгейінің сол биік деңгейдегі стандарттарға бейімделу механизмін қалыптастыра бастады. Ондай қозғалысты біз орта мектептердің 12-жылдық білім беру жүйесіне даярлануынан, кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа ізденістерді басынан кешіріп жатқандығынан, жоғары білім беру жүйесінде жаңа арналар қалыптаса бастағанынан айқын көре аламыз.

Қазақстан Республикасының саяси – экономикалық жағынан өркениетті елдердің қатарына қосылуы оқушылар мен жас ұрпақтың өзінің ана тіліне деген қарым – қатынасын өзгертіп, өзінің ойын, мақсатын жеткізе білу үшін қазақ тілінде таза сөйлеп, оның тіл байлығын дұрыс қолдана білумен тығыз байланысты. Осы проблемаға қатысты да қазіргі қазақ тіл білімінде зерттеулер жүргізіліп, ғылыми талдаулар жасалып жатыр.

Қазіргі кезеңде бастауыш мектеп оқушыларының сауатты болуы олардың өз тілінде өз ой-пікірін ана тілінде еркін, дұрыс, түсінікті жеткізе білуден басталады. Сондықтан бастауыш мектеп оқушысы айтайын деген ойын дұрыс та нақты құрастырып, пікірлерін ана тілінде қатысым барысында орынды қолдану керек. Бұған мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп жатыр. Атап айтқанда, «Қазақстан – 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиялық маңызы жоғары құжатта: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек», - делінген. Түптеп келгенде, Тұжырымдамада көрсетілгендей, тілдік қатынастың басты қағидалары мен ұстанымдарын менгеруді қажет етеді. Сондықтан бастауыш мектепте қазақ тілін Қазақстан Республикасының

мемлекеттік сұранысына орай оқытып, олардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

Тілдік қатысым: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым және тілдесім сияқты тілді меңгеруге бағытталған әрекеттер жиынтығы болғандықтан бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі, тілді меңгеруге қызмет ететін бірліктер тіл білімінің өзегі ретінде адамдардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауына игі әсер етеді. Өйткені, тілдік қатынас әрекеттерінің жүзеге асуына тілдік бірліктер мен қатысымдық бірліктердің айрықша қызмет ететіндігі белгілі. Қатысымдық бірліктер арқылы балалар бір-бірімен тілдік қарым-қатынасқа түседі.

Қазақ бастауыш мектептерінде қазақ тілін оқытудың жүйесін ұйымдастыруды өзгертуге, оған жаңаша көзқарас пен тұрғыдан қарап, жаңаша жаңғыру үдерісін толық енгізуді көздеп отырған диссертациялық жұмыстың тақырыбының өзектілігі де өзінің осындай жаңалығымен құнды. Сондықтан да М.М. Дуйсенованың «Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып материалдары бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы сөз тіркесін оқыту арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін айқындауға арналып, практика және ғылым мен техниканың дамуының сұранысымен тығыз байланысты зерттеу жұмысы болып табылатыны сөзсіз.

## **2. Диссертацияға қойылатын (Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағында және Ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлқұжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Ізденуші М.М. Дуйсенованың зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 9-10 тармағына орайлас диссертацияларға қойылатын талаптар деңгейінде жазылған.

Диссертацияның мазмұнын кіріспе бөлімі, екі тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі құрайды.

Ізденуші зерттеу негізінде бірқатар ғылыми тұжырымдар жасауға қол жеткізген.

Бастауыш сыныпта сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың лингвистикалық, философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздері кеңінен талданып қарастырылған. Отандық, шетел, орыс ғалымдарының осы тақырыпқа арналған еңбектері салыстырыла талданып, солардың пікірлеріне сүйене отырып, ізденуші өзінің сәйкес ғылыми тұжырымдарын жасаған.

Зерттеуде тақырыпты ашу мақсатында бірнеше ғылыми нәтижелердің алынғанын атап өтуге болады:

Бірінші ғылыми нәтиже – бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту барысында қатысым әдісінің білім беру үдерісіндегі орны, мәні мен маңызының көрсетілуі;

Екінші нәтиже – бастауыш сыныпта қазақ тілін сапалы оқытудың әдіснамалық негіздерін ұсынуы;

Үшінші нәтиже – қазақ тілін оқытуда қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған сөйлесім әрекетінің кешенді тапсырмалар жүйесі жасалған.

Төртінші нәтиже – сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделін анықтауында.

Ізденуші М.М.Дуйсенованың зерттеу еңбегінің нәтижелері «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» 9-10 тармақтарында белгіленген тұжырымдарға сәйкес келеді.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

М.М. Дуйсенованың «Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып материалдары бойынша)» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысының әр тарауында ізденуші тарапынан дәлелденген деректер негізінде шыққан нәтижелері, қорытындылары ғылыми деңгейде түсіндірілген. Диссертацияның өн бойында түйінделе ұсынылған әрбір нәтиже, қорытынды дәйекті түрде нақты дәлелдене ұсынылған.

Ізденуші өзінің ойлары мен дәлелдемелерін әр тарауда қорытындылап, тарау соңында тұжырымдар жасап отырған. Тұжырымдардың барлығы теориялық еңбектерді негізге ала отырып, тілдік, әдістемелік, психологиялық, дидактикалық материалдарға, тәжірибелерге сүйене отырып, талдау арқылы жасалған.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығының білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздегі мазмұнының ашылуымен құнды.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру ғылыми-әдіснамалық қағидаларға сай жүргізілген жағдайда теориялық білім мен қатысымдық дағдыларды өзара бірлікте жүзеге асыру мүмкіндігі артады.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы зерттелу мәселесіне қатысты тапсырмалар жүйесі оқушының білімі мен біліктілігін арттырып, логикалық ойлау деңгейін дамытып, оқулықтағы материалды талдау барысында оқушының танымдық қабілетіне талдау жасалған.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы бастауыш сынып оқушыларына қатысымдық құзыреттілік негізінде білім беру шарттарының моделін ұсынуымен анықталды.

Диссертацияда жасалған ғылыми тұжырымдар мен қағидалар, қорытындылар көңілге қонымды, оқыту тәжірибесінде сынақтан өтіп, тиімділігі дәлелденген.

### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

Диссертациялық жұмыста шынайылығы Қазақ тілі пәнін оқытуда сөз тіркесін оқыту арқылы бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық

құзыреттілігін қалыптастыру сияқты күрделі де көпқырлы мәселені нәтижелі ету әдіснамалық, теориялық, технологиялық, әдістемелік тұрғыда алғаш рет көтеріліп отырғандығын атап өте отырып, алынған әрбір ғылыми нәтиженің қорытындысына жаңалық тән деп санаймыз.

1. Бірінші ғылыми нәтиже жартылай жаңа. Себебі, қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыру баланы дамытудың басты тетігі ретінде ұйымдастырылатын оқу әрекетінің субъективтік мәнін арттырып, білімнің қажеттігін сезіндіріп, оқытудың жекелік бағдарын кеңейтеді.

2. Екінші ғылыми нәтиже жаңа. Сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушысының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру – бастауыш білім беру жүйесін жаңартудың аса маңызды концептуалдық негізі болып саналуында.

3. Үшінші ғылыми нәтиже жаңа. Оқушылардың қатысымдық мәдениеті мен тіл жұмсау сауаттылықтарын дамытуда маңызды деп саналатын сөйлесім әрекетінің компоненттерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) кешенді қолдану. Сондықтан сөз тіркесі тақырыбы аясындағы әрбір сабақта ұсынылатын тапсырмалар мен оқу жаттығуларын іріктеуде осы ұстаным білім берудің практикалық бағытын күшейтуде басшылыққа алынып, нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларының тұлғалық-қатысымдық қабілеттерін жетілдіру, қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру жүзеге асуында.

4. Төртінші ғылыми нәтиже жаңа. Себебі, бастауыш сынып оқушыларына қатысымдық құзыреттілік негізінде білім беру шарттарының моделін ұсынуымен бағаланды.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

М.М. Дуйсенованың тарапынан тақырыптың таңдалуы, зерттеу нысаны, оның өзектілігі, зерттеу әдістерінің тиімділігі, ғылыми жаңалықтары, дерек көздерінің ауқымдылығы, тірек материалдарының нақтылығы зерттеу жұмысының нәтижелі орындалуына негіз болған.

Ізденушінің «Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып материалдары бойынша)» тақырыбындағы зерттеу жұмысы – алға қойылған мақсат өресінен шыға білген, толық аяқталған ғылыми еңбек. Жұмыс нәтижесінде алынған түйіндердің ішкі бірлігі сақталған, ғылыми-теориялық, әдістемелік ой-тұжырым үзінділері бірін-бірі толықтыра, сабақтастырыла баяндалған.

Диссертант зерттеу барысында түйіндеген пікірлерін өзара ішкі бірлікте жан-жақты байланыста қарастыра алған.

Зерттеуші тұжырымдары, жұмыс үлгілері логикалық байланыста орынды үйлестірілген. Әрбір тарауда ұсынылған және дәлелденген нәтижелер өзара бірлікте дәйектелген. Алынған нәтижелерінің теориялық негіздері мен тәжірибелік жүйесінің ішкі бірлігі сақталған. Мұны тұжырымдардың өзара байланысынан, теориялық негіздемелердің, әдістемелік түйіндердің сауатты да сенімді түрде сипатталғанынан көреміз.

**6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

М.М. Дуйсенованың диссертациялық жұмысы сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми – әдіснамалық негіздерін зерделеуді, әдістемесін жасауды көздейді. Аталған мақсатқа сәйкес міндеттер қойылып, зерттеу әдіс – тәсілдері таңдалып, алынған нәтижелері қазіргі кездегі қазақ тілі әдістемесіне ғылыми – теориялық жағынан үлес қосады.

Диссертацияда қол жеткен нәтижелер қазақ тілі сабақтарында сөз тіркестерін оқытуға арналған жаттығулар жүйесін ұтымды пайдалану арқылы мектепте берілетін білім мазмұнын тереңдетіп, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

Аталып отырған талдаулар және алынған нәтижелер бастауышта қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаңа таным баспалдақтарын қалап, болашақта қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелерін жаңа арнада зерттеуге негіз бола алады.

**7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындылары жариялануының жеткілікті толықтығына растама.**

Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген 18 еңбегінде көрініс тапқан. Олар: Scopus мәліметтер базасына кіретін журналда, республикалық және халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында, халықаралық симпозиум жинағында, ғылыми басылымдарда, оның 5-і Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған.

**8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

1. Диссертациялық жұмыста бірнеше ғалымдардың пікірлері орыс тілінде берілген. Мәселен, 13, 14, 16, 28, 34, 52, 66, 127, 128 беттердегі дәйексөздерді қазақ тілінде аударып беруге болар еді.

2. Ғылыми еңбектің 110 – бетінде ойын жаттығулары деп берілген. Біздіңше, ойын – жаттығулардың түрі емес, керісінше, сол жаттығуды орындатудың бір тәсілі.

3. Диссертацияда ішінара техникалық олқылықтар кездеседі.

Бұл ескертулер диссертациялық жұмыстың мазмұнына, құндылығына әсер етпейді деген пікірдеміз.

**9. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.**

Қорыта келгенде, Дуйсенова Маржан Молдакасымовнаның PhD докторы дәрежесін алу үшін жазылған «Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып материалдары бойынша)» тақырыбындағы диссертациясы – жан-жақты сапалы дәрежеде әзірленген, логикалық желісімен толық аяқталған іргелі зерттеу жұмысы. «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» 2-бөлімінің талаптарына сәйкес жазылған.

Зерттеу жұмысының ғылыми – теориялық және практикалық жаңалықтары анықталған, қорғауға ұсынатын тұжырымдарының дәйектілігі нақтыланған, жарияланған басылымдары диссертацияның негізгі мазмұнын ашуға арналып, жұмыс толығымен аяқталған және ғылыми жаңалығы мол жұмыс болып табылады.

Диссертация Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай жазылған, ғылыми еңбектің авторы М.М. Дуйсеноваға өзі ізденіп отырған PhD докторы дәрежесін беруге толық болады деп есептейміз.

**Ресми рецензент:**

**Қазақ мемлекеттік қыздар**

**педагогикалық университетінің профессоры,**

**педагогика ғылымдарының докторы**

*А.А. Сатбекова* **А.А. Сатбекова**



**18 қазан, 2016 жыл**

Қолы *А.А. Сатбекова*  
Подпись  
Расшифры: **Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті кадр бөлімінің бастығы**  
Заверено: Начальник отдела кадров Казахского государственного женского педагогического университета